

Сайрам ауданының Құтарыс ауылдық округіне қарасты Ақарыс елді мекенінің шегін өзгерту туралы

Бірлескен Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 3 қаулысы және Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2024 жылғы 17 қаңтардағы № 10-85/VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 қаңтарда № 6451-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 1, 5-тармақтарына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Сайрам ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Сайрам аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Сайрам ауданы Құтарыс ауылдық округінің Ақарыс елді мекенінің шекараларына Сайрам ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 25,2 гектар жерлерді қосу арқылы, Құтарыс ауылдық округінің Ақарыс елді мекенінің жалпы көлемі 207,5532 гектар болып белгіленіп, шекаралары өзгертілсін.

2. Осы бірлескен Сайрам ауданы әкімдігінің қаулысы мен Сайрам аудандық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Сайрам ауданы әкімдігінің қаулысы мен Сайрам аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

А. Сабитов

Ш.Халмурадов